

◆ ТУРИЗМ

Марқакөлде халықаралық фестиваль өтті



Ерасыл ЖҰМАҚАНҰЛЫ

Марқакөл ауданына қарасты Ұрынқай ауылында «Марқакөл – Шығыстың маржаны» халықаралық фестивалі өтті. Туризмді насихаттап, дамытуға бағытталған ауқымды шараға еліміздің түкпір-түкпірінен туристер келді. Аталған шарада Самар ауданының да туристік әл-ауқаты таныстырылды.

Ауқымды шараға аймақ басшысы Нұрымбет Сактағанов қатысты.

– Шығыс Қазақстанның інжу-маржаны – Марқакөл жерінде тұңғыш рет ұйымдастырылып отырған халықаралық туристік фестивалдің ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – өңірдің туристік саласын дамытуға, Марқакөлдің қайталанбас табиғатын, бай тарихи-мәдени мұрасын және ұлттық құндылықтарын кеңінен танытуға бағытталған маңызды бастама. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тарихи шешімімен қайта құрылған Марқакөл ауданы бүгінде жаңғыру мен жаңару жолына түсті. Ауданда инфрақұрылым жаңарып, әлеуметтік нысандар салынып, жолдар жөнделіп, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған ауқымды жо-

балар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда, – деді облыс әкімі.

Оның айтуынша, Марқакөлдің туристік және экономикалық әлеуетін арттырып, инвестиция тартуға, кәсіпкерлікті дамытып, жаңа жұмыс орындарын ашуға ерекше мән беріліп келеді. Осы бағыттағы маңызды жобалардың бірі – Қазақстан мен Қытай арасындағы «Қанас-Марқакөл» трансшекаралық туристік бағытын қалып-тастыру жөніндегі бастама.

Қазіргі уақытта бұл жоба жан-жақты пысықталып жатыр. Қанас көліне жыл сайын шамамен 7 млн турист келеді. Жобаның іске асырылуы Марқакөлдің туризм саласының дамуына серпін беріп, инвестициялық тартымдылығын арттыруға және халықаралық деңгейдегі туристік бағыт

ретінде қалыптасуына жол ашпақ.

– Мерекелік шараның мәні мен маңызын арттыра түсетін тағы бір айтулы оқиға – Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының 50 жылдық мерейтойы. Жарты ғасыр бойы қорық қызметкерлері Оңтүстік Алтайдың экожүйесін, Марқакөл көлінің табиғи байлығын көздің қарашығындай сақтап келеді. Халықаралық фестиваль ауданның даму бағыттарын танытатын, елімізден және шетелден келген қонақтар үшін есте қаларлық жарқын шара болады деп сенемін, – деді Нұрымбет Сактағанов.

Фестиваль аясында ауданның тұмса табиғаты мен терең мәдениетін таныстыратын көрме ұйымдастырылып, қорық қызметкерлерін марапаттау рәсімі өтті. Сонымен қатар көпшілік назарына поэзия фестивалі, акындар айтысы, ғылыми-тәжірибелік конференция ұсынылды. Ал кешке танымал өнерпаздардың қатысуымен мерекелік концерт өтті.

Халықаралық фестивальда Самар ауданы мәдениет үйінің өнерпаздары да өнер көрсетті.

◆ ҚАУІПСІЗДІК

Балаларды қараусыз қалдырмаңыз

Жаз айларында ата-аналар үйдегі ауаны тазарту мақсатында терезелерді аша бастайды. Алайда олар балалардың барын және балалардың сырттағы у-шуга қызығып терезе алдына шығатынын ұмытып кетіп жатады.

Терезеден құлау балалардың жарақаттануы мен мерт болуының негізгі себептерінің бірі болып табылады. Әсіресе қалалар мен аудандарда. Балалардың терезеден құлауының алдын алу үшін Самар ауданы ТЖБ келесі ережелерді сақтау керектігін ескертеді.

Пәтердегі терезелерді ашу және үй-жайды желдетер кезде баланың қараусыз қалмағанына көз жеткізіңіз.

Бала терезені өз бетінше аша алмайтындай етіп терезелерге арнайы бекіткіштер мен ілгектер орнатыңыз.

Баланың балконға ересектердің қарауынсыз шығуына жол бермеңіз.

Ұйықтап жатқан баланы ешқашан пәтерде жалғыз қалдырмаңыз. Бала оянып, ашық терезенің тақтайшасына шығып кетуі мүмкін.

Балаға терезеден немесе балконнан көшеге қарау үшін орындықты немесе басқа құрылғыны аяғының астына қоюды үйретпеңіз.

Москит торлары бар деп сенбеңіз, москит торларынан да қауіп төнеді.

Әрбір ата-ана баласының өмірі мен денсаулығы өз қолында екенін ұмытпауы тиіс. Бір сәттік салғырттық орны толмас өкінішке алып келуі мүмкін. Сондықтан көктемгі және жазғы кезеңде үйді желдеткен кезде терезе қауіпсіздігіне ерекше мән беріп, балаларды үнемі бақылауда ұстаған жөн. Балалардың қауіпсіздігі – баршамыздың ортақ міндетіміз. Сақтық шараларын сақтау арқылы біз бүлдіршіндердің өмірін сақтап, олардың жарқын болашағына жол ашамыз.

Самар ауданы ТЖБ



◆ СОЦИУМ

Я здесь не одинока

Канат АПСАДЫКОВА

При виде пожилых людей, отдыхающих в сквере Центра оказания специальных услуг, невольно задаешься вопросом: «Как пожилые люди попадают в дома престарелых? Какие обстоятельства приводят их туда, где они зачастую проживают свой век?» У кого-то дети уезжают в другие страны и безжалостно бросают старых родителей проживать в одиночестве, у некоторых нет ни одной родственной души.

Некоторые бабушки и дедушки сами не хотят быть обузой детям и внукам. Кому, рассуждают они, приятно видеть, как человек угасает с каждым днем? Даже если этот человек — самый близкий. Побывав несколько раз в Самарском Центре оказания специальных социальных услуг, приятно удивляешься доброте и заботе, с которыми сотрудники относятся к своим подопечным.

Одинокий пенсионер — наиболее незащищенный и уязвимый член общества. Причины очевидны: возрастные болезни, немощность, угрозы мошенников. Именно поэтому для таких пенсионеров предпочтительнее

жизнь в специальных домах, где они будут защищены.

Одинокими пожилые люди становятся по самым разным обстоятельствам: смерть ближайших родственников, потеря контакта с детьми или географическая удаленность от них. Если за пожилым человеком некому приглядывать и ухаживать, интернаты или Центры оказания специальных социальных услуг готовы принять новых подопечных. С одной из получателей услуг Самарского ЦОССУ мне довелось встретиться и побеседовать.

(Продолжение на 5 стр.)



♦ ӨРТ ҚАУПІ

Орман өрті азайды ма?

Олжас ҚҰМАРБЕКҰЛЫ

Өрт қаупі жоғары кезеннің өту барысы Шығыс Қазақстан облысы әкімінің төрағалығымен өткен Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі облыстық комиссияның отырысында қаралды.

ШҚО орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының басшысы Қайрат Мейремовтың мәліметінше, өрт қаупі жоғары кезең басталғалы мемлекеттік орман қоры аумағында 49 орман өрті тіркелген.

Өрттердің саны артқанына қарамастан, тілсіз жау шарпыған жалпы аумақ небәрі 100 гектарды құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда шамамен екі есеге аз. Орман өрттерінің негізгі себебі – найзағай.

Отырыста табиғи өрттерді сөндіру кезіндегі авиациялық қолдау мәселесіне ерекше назар аударылды. Қазіргі уақытта Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында екі өрт ошағын сөндіру жұмыстары жалғасып жатыр. Оған орман күзеті қызметкерлері мен авиация жұмылдырылған.

– Аптап ыстық орнап, найзағай соққанда авиациялық қолдаудың болмауы орман өрттерінің ірі көлемге таралу қаупін бірнеше есе арттырады. Сондықтан әуе техникаларын тарту туралы шешімдер барынша жедел қабылдануы тиіс. Ал оларды қаржыландыру мәселесі өртті сөндіру барысында емес, алдын ала шешілуі қажет, – деді облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық

инспекциясының басшысы Қайрат Мейремов.

Өңірдегі қазіргі жедел ахуал туралы ШҚО төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Рашид Блялов баяндады.

Оның айтуынша, маусым басталғалы облыста жалпы аумағы 81,6 гектарды қамтыған кемінде 47 орман өрті тіркелген. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда орман өрттерінің саны 2,6 есеге артқанымен, от шарпыған аумақ көлемі 2,3 еседен астам қысқарған. Бұл өрт ошақтарын ерте анықтау және оларды жедел оқшаулап, сөндіру жұмыстарының тиімділігі артқанын көрсетеді.

Сонымен қатар дала өрттерінің саны да көбейген. Маусым басынан бері осындай 66 оқиға тіркеліп, өткен жылмен салыстырғанда 69 пайызға өскен.

Өрт қаупі әсіресе Ұлан, Самар, Зайсан және Тарбағатай аудандарында жоғары деңгейде сақталып отыр. Синоптиктердің болжамынша, алдағы күндері аймақтың кей жерлерінде ауа температурасы 40 градусқа дейін көтерілуі мүмкін.

– Табиғи өрттердің саны артқанына қарамастан, оларды дер кезінде анықтау және жедел әрекет етудің арқасында тілсіз жау шарпыған аумақтарды едәуір қысқартуға мүмкіндік туды. Дегенмен өрт



қаупі жоғары кезеңнің ең күрделі бөлігі әлі алда. Сондықтан барлық күштер мен құралдар жоғары дайындық режимінде жұмысын жалғастыруда, – деді ШҚО ТЖД бастығы Рашид Блялов.

Қазіргі уақытта төтенше жағдайлар департаментінің, орман шаруашылығы мекемелерінің және басқа да жұмылдырылған қызметтердің күштері күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр.

Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов өрт қаупі жағдайын тұрақты бақылауда ұстау, авиациялық мониторингті күшейту, табиғи өрттердің алдын алу, оларды дер кезінде анықтау және жою мақсатында профилактикалық жұмыстар мен

ведомствоаралық өзара іс-қимылды жандандыру міндетін қойды.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

15 АВГУСТА 2026г с 9-00 до 16 -00 часов в больнице с. САМАРСКОЕ с областного центра будет проводится:
-УЗИ всех органов, в т.ч. сердца, суставов, беременным, головного мозга детям до 15 лет.
- КОНСУЛЬТАЦИЯ КАРДИОЛОГА.
Запись по телефонам:
8 -705-716-82-20
Государственная лицензия 002466DF

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру

- 1) Жобаның атауы:
– «ҚР ШҚО, Самар ауданы, Березовская алаңында құрамында алтыны бар кендерді барлау жоспары» әсеріне экологиялық рұқсат алуға арналған материалдары.
- 2) Аумағына әсер ету мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізімі:
– Миролубовка а.о., Самар ауданы, Шығыс Қазақстан облысы.
Лицензияланған аумақтың географиялық координаттары: 1) 49° 07' 00" сс 83° 25' 00" шб 2) 49° 07' 00" сс 83° 26' 00" шб 3) 49° 06' 00" сс 83° 26' 00" шб 4) 49° 06' 00" сс 83° 28' 00" шб 5) 49° 05' 00" сс 83° 28' 00" шб 6) 49° 05' 00" сс 83° 27' 00" шб 7) 49° 04' 00" сс 83° 27' 00" шб 8) 49° 04' 00" сс 83° 25' 00" шб.
- 3) Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін жері, күні және басталу уақыты:
– Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданы, Миролубовка а.о., Раздольное а., Бейбітшілік көш., 59 а, «Мағжан Жұмабаев атындағы негізгі мектебі» КММ, **18.09.2026 ж. сағат 14:00.**
- 4) Бастамашының деректемелері және байланыс деректері:
– «QAZ Gold BK» ЖШС, БСН 190440022626, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Токтаров көш., 51, тел.: +8-778-111-03-47, 8-771-178-85-85, e-mail: am1rxan@mail.ru.
- 5) мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын деректемелері мен байланыс деректерін:
– «Проектный центр «ПРОФЕССИОНАЛ» ЖШС, БСН 141140017741 ШҚО, Өскемен қ., Протозанов көш., 95 ғим., 7 т.е.б., тел.: +7 777 495 09 75, e-mail: pcrprof@mail.ru.
- 6) Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, ал кейін қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасымен танысу үшін Бірыңғай экологиялық порталға және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органының ресми интернет-ресурсына сілтемесі;
– Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі – <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> «Ашық кездесулер» бөлімі;
– ЖАБ сайты «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ – <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat>, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімі.
- 7) Көзделіп отырған қызмет, өткізілетін қоғамдық тыңдаулар туралы қосымша ақпарат алу, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін электрондық мекенжайы мен телефон нөмірі:
– эл.мекенжай: pcrprof@mail.ru және am1rxan@mail.ru;
– телефондар: +7 777 495 09 74, +7 778 111 03 47, +7 771 178 85 85.
- 8) Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда жіберетін электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы:
– қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі – «Шығыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті» РММ: vko-ecoder@ecogeo.gov.kz, ШҚО, Өскемен қ., Потанин к., 12;
– ЖАБ «ШҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ d.babakanova@akimvko.gov.kz, ШҚО, Өскемен қ., К. Либкнехт к., 19.
- 9) видеоконференцбайланыс платформасына сілтемесін камтиды:
Zoom кездесуіне қосылыңыз:
<https://us06web.zoom.us/j/89211995198?pwd=ub41bzXaJPmJs5SDBlnBXTDgCPFBn4.1>
Конференция идентификаторы: 892 1199 5198
Кіру коды: 379894

Объявление о проведении общественных слушаний

- 1) наименование проекта:
– Материалы для получения экологического разрешения на воздействие «План разведки золотосодержащих руд на Березовской площади Самарский район, ВКО РК».
- 2) список административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания:
– Миролубовский с.о., района Самар, Восточно-Казахстанской области.
Географические координаты лицензионной территории: 1) 49° 07' 00" сс 83° 25' 00" вд 2) 49° 07' 00" сс 83° 26' 00" вд 3) 49° 06' 00" сс 83° 26' 00" вд 4) 49° 06' 00" сс 83° 28' 00" вд 5) 49° 05' 00" сс 83° 28' 00" вд 6) 49° 05' 00" сс 83° 27' 00" вд 7) 49° 04' 00" сс 83° 27' 00" вд 8) 49° 04' 00" сс 83° 25' 00" вд.
- 3) место, дата и время начала проведения общественных слушаний:
– Восточно-Казахстанская область, район Самар, Миролубовский с.о., с. Раздольное, ул. Бейбітшілік, 59 а, КГУ «Основная школа имени Мағжана Жумабаева», **18.09.2026 г. в 14:00.**
- 4) реквизиты и контактные данные Инициатора:
– ТОО «QAZ Gold BK», БИН 190440022626, Восточно-Казахстанская область, г. Усть-Каменогорск, ул. Тохтарова, 51, тел.: 8-778-111-03-47, 8-771-178-85-85, e-mail: am1rxan@mail.ru.
- 5) реквизиты и контактные данные разработчика документации объектов государственной экологической экспертизы:
– ТОО «Проектный центр «ПРОФЕССИОНАЛ», БИН 141140017741, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Протозанова,зд. 95, н.п. 7, тел.: +7 777 495 09 74, e-mail: pcrprof@mail.ru.
- 6) ссылку на в Информационную систему и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (областей, городов республиканского значения, столицы), для ознакомления с документами, выносимыми на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний:
– Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и сохранении ресурсов – <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> в разделе «Открытые собрания»;
– сайт МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования ВКО» (ГУ «УПРиПП ВКО») – <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat>, раздел «Общественные слушания».
- 7) электронный адрес и номер(-а) телефона для получения дополнительной информации о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запроса копий документов, относящихся к намечаемой деятельности:
– адреса эл.почты: pcrprof@mail.ru и am1rxan@mail.ru;
– телефоны: +7 777 495 09 74, +7 778 111 03 47, +7 771 178 85 85,
- 8) электронный адрес и почтовый адрес уполномоченного органа в области охраны окружающей среды и местного исполнительного органа областей, городов республиканского значения, столицы, на которые общественность и заинтересованная общественность направляет свои замечания и предложения в бумажной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания:
– территориальное подразделение уполномоченного органа в области охраны окружающей среды – РГУ «Департамент экологии по Восточно-Казахстанской области»: vko-ecoder@ecogeo.gov.kz, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Потанина, 12;
– МИО ГУ «УПРиПП ВКО»: d.babakanova@akimvko.gov.kz, ВКО, Усть-Каменогорск, ул. Б. Керимбаева, 19.
- 9) ссылка на платформу для видеоконференцсвязи:
Подключиться к конференции Zoom: <https://us06web.zoom.us/j/89211995198?pwd=ub41bzXaJPmJs5SDBlnBXTDgCPFBn4.1>
Идентификатор конференции: 892 1199 5198
Код доступа: 379894